

Пайдаланушы келісімі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Пайдаланушы келісімі (бұдан әрі - Келісім) интернет-ресурс иесі мен <https://senate.parlam.kz> сайтының пайдаланушысы арасындағы қарым-қатынастарды реттейді.

2. Интернет-ресурстың Пайдаланушысы интернет-ресурсқа қол жеткізетін кез келген тұлға болып табылады. Интернет-ресурсты пайдалану Пайдаланушы осы Келісімнің төмендегі барлық шарттарын қабылдайтынын және орындауға міндеттенетінін білдіреді.

3. Пайдаланушы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутатына электрондық цифрлық қолтаңба арқылы «Сенаторға сұрақ қою» немесе «Депутаттың жеке парақшасы» сервисінің көмегімен электронды өтінішті (сұрау салуды) жібермес бұрын Келісіммен толық танысуға міндетті. Интернет-ресурстың иесі кез келген уақытта осы Келісімнің тармақтарын Пайдаланушыны хабардар етпей өзгерту, қосу немесе жою құқығын өзіне қалдырады.

4. Интернет-ресурста Пайдаланушының қолайлылығы үшін үшінші тұлғалардың басқа ресурстарына сілтемелер берілуі мүмкін. Егер Пайдаланушы осы сілтемелер арқылы өтсе, онда осы интернет-ресурстан кетеді. Интернет-ресурстың иесі осы интернет-ресурстың сілтемелерінің мазмұнына жауап бермейді. Интернет-ресурстың иесі мұндай интернет-ресурстарға, онда ұсынылған кез келген ақпаратқа не материалдарға немесе оларды пайдалану кезінде алынуы мүмкін нәтижелерге қатысты ешқандай ұсынымдар бермейді және қандай да бір мәлімдеме жасамайды. Егер Пайдаланушы интернет-ресурста сілтемелер орналастырылған өзге интернет-ресурстарға өтсе, Пайдаланушы мұны өз жауапкершілігін сезіне отырып жасайды.

2. Терминдер мен анықтамалар

5. Келесі терминдер мен анықтамалар:

1) интернет-ресурстың иесі – ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК;

2) <https://senate.parlam.kz> интернет-ресурсы - бұқаралық ақпарат таратылатын интернет желісінде орналастырылған ҚР Парламенті Сенатының ресми интернет-ресурсы. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қызметі туралы ресми және жедел ақпаратқа арналған. Интернет-ресурста орналастырылған ақпарат негізгі бөлімдерде ресми, ашық және жалпыға бірдей қолжетімді сипатта;

3) ЭЦҚ - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

4) «Депутаттың жеке парақшасы», «Сенаторға сұрақ қою» сервисі - Пайдаланушыға депутатқа сұрақ қою немесе өтініш жіберуге мүмкіндік беретін сервис;

5) пайдаланушы - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының интернет-ресурсын пайдаланылатын жеке немесе заңды тұлға.

3. Меншік иесінің құқықтары мен міндеттері

6. Иесі құқылы:

Пайдаланушыға интернет-ресурсқа қол жеткізуді қамтамасыз ету және сервистерді жұмыс күйінде ұстау, интернет-ресурсты пайдалану ережелерін өзгертуге, сондай-ақ осы интернет-ресурстың мазмұнын өзгерту.

7. Иесі міндеттенеді:

- 1) заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректерді Пайдаланушының келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеу;
- 2) алынған дербес деректерді интернет-ресурста жарияламау;
- 3) дербес деректерді заңнамада белгіленген тәртіппен заңсыз пайдаланудан немесе жоғалтудан қорғауды қамтамасыз ету.

4. Пайдаланушының құқықтары мен міндеттері

8. Пайдаланушы құқылы:

1) интернет-ресурсты Келісімде көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған мақсаттарда және тәртібінде пайдалану;

2) Интернет-ресурс иесіне дербес деректерді беруден бас тарту.

10. Пайдаланушы міндетті:

1) жалған ақпаратты орналастырмау, таратпау;

2) орналастырылатын ақпараттың дұрыстығын тексеру;

3) заңсыз болып табылатын, үшінші тұлғалардың кез келген құқықтарын бұзатын; нәсілдік, ұлттық, жыныстық, діни, әлеуметтік белгілері бойынша зорлық-зомбылықты, қатыгездікті, өшпенділікті және (немесе) кемсітушілікті насихаттайтын; нақты адамдардың, ұйымдардың, билік органдарының атына жалған мәліметтер және (немесе) қорлауды қамтитын; заңсыз әрекеттерді жасауға итермелейтін контентті жүктеу мақсатында интернет-ресурстың сервистерін пайдаланбау.

5. Дербес деректерді қорғау

9. Пайдаланушының дербес деректерін қорғау үшін Иесі:

1) Пайдаланушының дербес деректерін заңсыз қол жеткізуден, өзгертуден, ашудан немесе жоюдан қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;

2) Пайдаланушының келісімінсіз жеке деректерді үшінші тұлғаларға беруге жол бермейді;

3) Пайдаланушының дербес деректеріне осы ақпарат интернет-ресурсты пайдаланушының ұсынылған сұрау салуына (азаматтардың өтініші бойынша) кері байланыс беру мүмкіндігі үшін қажетті үшінші тұлғаларға ғана қол жеткізуге мүмкіндік береді.

6. Жауапкершілік

10. Пайдаланушы тіркеу кезінде берілген ақпараттың дұрыстығына, өзектілігіне және толықтығына жауапты.

11. Келісімде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуі тиіс.